

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**

**Инженерия факультеті**

**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің**

## **№10 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы**

**19.06.2023 ж.**

**Қатысқандар:**

1. ФСҚЕК тәрайымы – п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы Қошанова Гүлназира
2. Хатшы – Ф.А.Шукенова

**Комиссия мүшелері:**

1. Қошанова Г.Д – п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы

**Комиссия мүшелері:**

2. Ниязова Г.Ж.- п.ғ.к., доцент
3. Жунисов Н.М – PhD, аға оқытушы
4. Садыбеков Р. – магистр оқытушы
5. Искендірова Гүлзипа - оқытушы
6. Баялы Әзімхан - аға оқытушы
7. Шукенова Фалия – аға оқытушы
8. Ағабекова Ақтолқын – PhD, аға оқытушы
9. Мейірбекова Оксана – аға оқытушы
10. Кибишов А. Т. – магистр оқытушы
11. Бабахан Ш.А.- магистр, оқытушы
12. Егембердиев Дилмурад – ДИА-111 тобының докторанты
13. Исакова Диара – АИА-111 тобының магистранты
14. Нұржан Бібісара - 6B07153- Электр энергетикасы білім алушы
15. Абдуллаева Карина – ААЖ – 011, 3-курс студенті
16. Полатбекова Қарлығаш – Әдістемелік жұмысты үйімдастыру бөлімінің орынбасары.

**Қатыспағандар: -**

### **КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Факультеттің, кафедралардың келесі оқу жылына дайындық актілерінің сапасы мен нәтижелілігін қадағалау.
2. Комиссияның оқу жылының есебін әзірлеу.
3. Комиссияның келесі оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу.
4. Маусым айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

**1. Талқыланды.** Факультеттің, кафедралардың келесі оқу жылына дайындық актілерінің сапасы мен нәтижелілігін қадағалау мәселесін факультеттің академиялық комитет тәрайымы А.Б.Ағабекова сөз сөйлеп: Факультетке қарасты кафедралардың 2023-2024 оқу жылына дайындық актілері факультеттің академиялық комитетіне ұсынды. Кафедралар дайындық актілерін дайындауда университеттің стратегиялық жоспарына, оқу, ғылым мен тәрбие жұмыстарын қамтыған, сонымен қатар кафедра профессор оқытушылар құрамының біліктілік арттыру мәселелеріне де терең назар аударған. Кафедралар ғылыми жоба жұмысын жоспарлау барысында студенттерді ғылыми жұмыстарға тарту мақсатында студенттердің ғылыми үйірмелерінің жұмысына да көп көніл бөлу керек. Сонымен қатар, кафедраларда білім беру бағдарламасы бойынша білімгерлердің практикадан өту ауқымын кеңейту мақсатында және оқытушы-профессорлар құрамының академиялық үткірлік аясында отандық және шетелдік ЖОО-да тәжірибе алмасу жұмыстарын қолға алу керек екенін атап өткім келеді. Кафедраларда білім беру бағдарламасы бойынша білімгерлердің белсенділіктеріне қолдау көрсете отырып, оларды Республикалық пәндік олимпиадаға, конкурстарға қатыстыру жұмыстарын да жан-жақты ойластыру керек.

Жалпы, қафедралар дайындаған дайындық актісі талапқа сай дайындалған. Дайындық актісінде 2023-2024 оқу жылына қатысты барлық жұмыс бағыттары, ғылыми зерттеу жұмыстары, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары қамтылған.

**Шешім:** Факультеттің, кафедралардың келесі оку жылына дайындық актілерінің сапасы мен нәтижелілігі қанағаттанарлық деп танылсын.

**2. Талқыланды.** Комиссияның оку жылының есебін әзірлеу мәселесі бойынша сөз алған факультеттің сапамен қамтамасыз ету комиссиясының төрайымы Г.Қошанова сөз сөйлем: 2022-2023 оку жылына факультеттің сапамен қамтамасыз ету комиссиясының жоспары дайындалып, жоспар бойынша ай сайын комиссия мәжілісі өтіп, мәжілісте күн тәртібіндегі мәселелерге талдаулар жасалынып отырды. Мәжілісте қарастырылған мәселелер комиссия мүшелеріне және кафедра менгерушілеріне күні бұрын жіберіліп, таныстырылып тұрды және күн тәртібіндегі мәселелердің орындалуына да назар аударылды. 2022-2023 оку жылында факультет, кафедраларда атқарылған жұмыстардың қорытындысын қысқаша сипаттап өтсем: кафедраларда білім беру бағдарламаларының жаңартылуы, білім беру бағдарламаларының оку-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуі, ОПК құрамының біліктіліктен өтуі, білім беру бағдарламаларын дайындауда жұмыс берушілермен байланыстар құру және олардың ұсыныстарын ескеру, сауалнама нәтижелерін талдау, білім беру бағдарламаларының КР БЖФМ Реестріне тіркелуі т.б. мәселелер жан-жақты қамтылды. Сонымен қатар, келесі оку жылында ескерілетін ескертпелер мен ұсыныстар берілді. Атап айтсақ:

-Оқытушы профессор құрамының жеткіш шетелдік жоғары оку орындарында тағылымдамадан өтуіне мүмкіндік жасау;

-Шетелден шақырылған профессор үлесін көбейту;

-Оку процесіне виртуальды зертханаларды ендіру,

-Факультеттің материалдық-техникалық базасын нығайту.

**Шешім:** Факультеттің сапаны қамтамасыз ету комиссияның оку жылының есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

**3. Талқыланды.** Комиссияның келесі оку жылына жұмыс жоспарын әзірлеу мәселесі бойынша Г.Қошанова сөз сөйлем: 2023-2024 оку жылына факультеттегі сапаны қамтамасыз ету комиссиясының жоспары дайындалғанын атап өтті. Жоспарды дайында барысында ФСҚҚ қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері толық қамтылды. Жоспардың мазмұнын таныстырып өтіп, жоспарды факультет академиялық комитетіне талқылауына ұсынды.

**Шешім:** Комиссияның келесі оку жылына жұмыс жоспарын бекітуге факультеттің академиялық кеңесіне ұсынылсын.

**4. Талқыланды.** Маусым айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау мәселесі бойынша комиссия төрайымы Г.Қошанова комиссия мүшелерінен маусым айындағы жұмыс нәтижесі туралы ұсыныстарын сұрады.

Маусым айының жұмыс қорытындысы бойынша Н.Жунисов: маусым айы бойынша күн тәртібіне қойылған мәселелер өз деңгейінде талқыланып өтілді. Кафедралар тарапынан БББ дайындалу сапасы жақсы, дегенмен кейбір мәселелер өз уақтылы орындалуына көніл бөлу керек, - деп айтып өтті.

**Шешім:** Факультеттегі маусым айында жүргізілген іс шаралар нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

**Мәжіліс төрайымы:**

**Г. Қошанова**

**Мәжіліс хатшысы:**

**F. Шукенова**